

Облыс аумағындағы азаматтарды 2001 жылдың қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізуді ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты және Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірлескен шешімі 2001 жылғы 12 қазандағы N 13/11-72 Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2001 жылдың 1 қарашасында N 473 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011 жылғы 26 қыркүйектегі N 27 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011.09.26 N 27 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Z939000_ Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қыркүйектегі N 688 U010688_ "Әскери қызметінің белгіленген мерзімін өткерген әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2001 жылдың қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығының негізінде облыстық мәслихат пен облыс әкімі

Ш Е Ш І М

шығарды:

1. 2001 жылғы қазан-желтоқсанында шақыру күніне дейін жасы 18-ге толған, мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылуға немесе кейінге қалдыруға құқығы жоқ ер азаматтарын, сондай-ақ шақыруды кейінге қалдыру құқығынан айрылған азаматтарын Қазақстан Республикасының қарулы Күштеріне, басқа әскерлері мен әскери құралымдарына мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын.

2. Екінші қосымшаға сәйкес облыстық шақыру комиссиясының құрамы бекітілсін.

3. Аудандар мен Петропавл қаласының әкімдеріне:

1) аудандар мен қалалардың жергілікті өкілетті органдарымен бірлесе отырып, әскери комиссариаттар арқылы мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз еткізілсін;

2) дербес құрамы және шақыру өткізудің кестесі бекітіле отырып, шақыру комиссиялар құрылсын;

3) әскери комиссариаттардың шақыру комиссияларының жұмысы үшін үй-жаймен қамтамасыз етілсін;

4) шақыру комиссиясынан өту және әскери қызметті өткеруге жөнелту үшін

азаматтардың әскери комиссариаттарға ұйымдасқан түрде келуі қамтамасыз етілсін ;

5) қажетті санда техникалық қызметкерлер мен көлік бөлінсін;

6) көрсетілген іс-шараларды орындаумен байланысты шығындар көрсетілген іс-шараларға бөлінген ассигнация аясында жергілікті бюджеттердің қаржылары есебінен іске асырылсын .

4. Денсаулық сақтау департаментіне:

1) Петропавл қаласындағы облыстық жинау пункттеріндегі медициналық комиссиялардың жұмысы қамтамасыз етілсін;

2) шақырылушыларды медициналық куәлендіру жөніндегі комиссиялар дәрігер мамандармен, әсіресе тар шеңберде маманданған дәрігерлермен толықтырылсын ;

3) шақыру комиссиялармен медициналық зерттеуге жіберілген азаматтар үшін емдеу-алдын алу мекемелерінде орындар көзделсін.

5. Облыстық ішкі істер басқармасына:

1) шақыру комиссияларының құрамына Петропавл қаласы мен аудандық ішкі істер бөлімдерінің басшылық құрамының қатарынан лауазымдық тұлғалары енгізілсін ;

2) азаматтарды шақыру кезеңінде әскери комиссариатпен бірлескен іс-қимылдар ұйымдастырылсын, шақыру пункттерінде тәртіп пен тәртіптілік қамтамасыз етілсін ;

3) 10 қазаннан шақырылу кезеңінің соңына дейін облыстық жинау пункттерінде тәулік бойы кезекшілік ететін полиция наряды бөлінсін;

4) әскери комиссариаттармен келісім бойынша теміржол стансаларында жас толықтырушыларды жинау және әскерге аттандыру орындарына күшейтілген нарядтар бөлу қамтамасыз етілсін;

5) шақыру пункттеріне азаматтардың келулеріне бақылау жүргізілсін, шақырудан бас тартуға жол берілмесін.

6. Петропавл қаласының әкіміне облыстық жинау пункттерінде азық-түліктік және өнеркәсіптік тауарларды сату ұйымдастырылсын.

7. Мәдениет департаментіне шақыру пункттерінде көркемөнерпаздар

ұжымдарының өнері көрсетілсін және әскери-патриоттық тақырыптарға арналған кинофильмдер көрсету ұйымдастырылсын.

8. Туризм және спорт басқармасына облыстық жинау пункттерінде спорттық-бұқаралық іс-шаралары шақырылушылардың дене шынықтыру дайындықтарын тексеру ұйымдастырылсын.

9. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.Ф.Вербнякке жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыстық мәслихаттың
XIII сессиясының төрағасы
Облыстық мәслихат пен
облыс әкімінің
2001 жылғы 12 қазандағы
N 13/11-72 бірлескен
шешіміне қосымша

Облыстық шақыру комиссиясының
ҚҰРАМЫ

Вербняк Александр Федорович - комиссия төрағасы, әкімнің орынбасары
Амангелдиев Талғат Бекмұратұлы - комиссия төрағасының орынбасары,
облыстық әскери комиссар

Комиссия мүшелері:

Әкімханов Халел Қайроллаұлы - облыс әкімінің аппарат басшысы
Кривошеева Зоя Ивановна - облыстық аурухананың медбибісі,
комиссия хатшысы
Мағзұмов Азамат Белгібайұлы - облыстық денсаулық сақтау департаменті
бастығының орынбасары
Рудный Петр Васильевич - облыстық әскери комиссариаттың
дәрігер-терапевті, медициналық
комиссияның төрағасы
Сұлтанов Талғат Дүйсенбайұлы - облыстық ІІБ-сы бастығының орынбасары

(Маман: Ысқақова Д.Қ.)